

# «Ел ғұмырнамасындағы жанұя өмірбаяны» зерттеу жобаларының республикалық байқауын қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері

## 1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары, сондай-ақ колледж студенттерінің арасында «Ел ғұмырнамасындағы жанұя өмірбаяны» зерттеу жобаларының республикалық байқауын қашықтықтан ұйымдастыру және өткізу ережелері (бұдан әрі – Ереже) оны өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушылардың зерттеу жұмысына уәждемесін арттыру, балалар мен жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту.

Міндеттері:

- белсенді өмірлік ұстанымды және өзінің жеке таңдауымен Қазақстан болашағы үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

- қатысушылардың Отан өміріне, оның өткен шағына, осы шағына, болашағына қатыстығын, адамгершілік құндылықтарын сезінуі;

- қатысушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау;

- дәстүрлі және заманауи мәдениет негізінде өскелең ұрпақтың эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

## 2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта **2015 жылғы 25 тамыз -22 қазан** аралығында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары тақырыпқа және талаптарға сәйкес болуы тиіс.

7. Байқау жұмыстары **2015 жылғы 15 қазанға** дейін [spo.rumcdo@mail.ru](mailto:spo.rumcdo@mail.ru) электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: **8(7172) 249303.**

8. **2015 жылғы 15 қазаннан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды.

9. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

10. Байқау ұйымдастырушылары жеңімпаздардың жұмыстарын авторға сілтеме жасап, БАҚ басылымдарында және интернетте жариялауға құқылы.

11. Байқауға қатысу үшін **1000 (бір мың) теңге** төлемақы төленеді. Төлемақы барлық банктер немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Банк ЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

ИИК KZ918560000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

**Төлемақының мақсаты:** «Ел ғұмырнамасындағы жанұя өмірбаяны» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, [sro.rumcdo@mail.ru](mailto:sro.rumcdo@mail.ru) электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

12. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі 2015 жылғы 22 қазанда [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жарияланады.

### **3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар**

13. Байқауға ұсынылған жұмыстар оның тақырыбына, номинациялар бойынша талаптарға сәйкес болуы тиіс.

14. Байқауға 8-17 жас аралығында балалар келесі жас санаттарында қатыса алады:

кіші жас санаты: 8-10 жас;

орташа жас санаты: 11-14 жас;

үлкендер жас санаты: 15-17 жас.

15. Зерттеу жобаларының байқауы келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

#### **«Жанұя тарихы».**

Бұл тақырып бойынша жұмыстарда авторлар өткен жылдардағы күнделікті, тұрмыстың ерекшеліктері мен қарапайым адамдардың, оның ішінде өзінің жақындары мен туғандарының тағдырларын мазмұндайды. Зерттеуде әр ұрпақтың өткен шаққа деген көзқарасын, жанұя естеліктерінің қалай берілетінін баяндау қажет. Нақты өмірбаян, жақын адамдарының анықтамалары арқылы қазіргі оқушыларға өз елінің өткен кезеңін түсіну және елестету оңай.

#### **«Адам және шағын отан».**

Бұл тақырып бойынша жұмыс авторларына ауданның, көшенің, ғимараттың, ескерткіштің немесе, мысалы, өлкетану мұражайы экспонатының тарихын зерттеу ұсынылады. Зерттеудің мәні болып мұрағаттық құжаттармен және мақалалармен толықтырылған куәгерлердің әңгімелерінде ұсынылған өз қаласының, кентінің немесе ауылының өткен

кезеңінен айтарлық оқиға болуы мүмкін. Негізгі шарт – таңдалған зерттеу объектісі нақты адам тағдырына байланысты болуы тиіс.

#### **«Өзіміздікі – жат адамдар».**

Көрші тұрған немесе тұрып жатқан адамдарға, бірақ өзге ұлт өкілдеріне, өзге дінге, өзге көзқарастарға ие тұлғаларға мұқият қараңыз. Ол адамдарға қатысты түсінісушілік пен шыдамдылықтың деңгейі қандай? Ол неге байланысты? Күрделі мәселенің тарихи түбірлерін анықтауға тырысыңыздар. Кім және қандай жағдайларда сол немесе өзге дәуірде сіздің қалаңызда немесе ауылыңызда «жат» болып танылды? XX ғасыр – көші-қон ғасыры және көп оқушылар «жат» түсінігінің жан-жақтылығын көреді, олар (немесе олардың достары мен көршілері) – «жаттардың» ұрпақтары екенін түсінеді.

#### **«Жеңістің бағасы».**

Байқауға қатысушылар өз зерттеулерін қарапайым адамдардың соғыстағы және тылдағы тағдырларына арнайды. Отандық соғыста қандай баға төлеуге құштар болғанын түсінеді деп жоспарланады, әлі күнге дейін «Ақ дақтар» болып қалатын өткен кезеңнің парақтарына, Германияға қуылған, неміс оккупациясын бастан кешкен, тұтқынға түскен адамдардың тағдырларына бет бұрады. Зерттеу өткізілген интервьюлер арқылы жанұялық және мемлекеттік мұрағаттардан, мұражай жиынтықтарынан және т.б. негізделуі мүмкін.

16. Байқауға қатысуға байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін, бір немесе екі номинация бойынша, бірақ әр номинацияда бірден көп емес жұмыстар (зерттеулер, эссе, бейнеконкурстар) қабылданады.

**Зерттеу** – 40 мың белгіден (аттаулармен) кем емес жұмыс. Бағалау критерийлері: жиналған материалдың бағалығы мен жаңалығы, автордың қызықты зерттеулік тапсырма қою қабілеті, ақпарат көзіне критикалық қатынас, тарихи контексті білу және түсіну, баяндаманың айқындығы мен түсініктілігі, нәтижелердің негізділігі.

**Эссе-байқау** берілген тақырыптар бойынша орындалады. Автор жанұя мұрағатының материалдарын немесе өзге, жергілікті пресса мақалаларынан анықтамалықтарды талдаумен шектелуі мүмкін. Көлемі –1-1,5бет. Бағалау критерийлері – зерттеу жұмыстарына талаптарына сәйкес.

**Бейнебайқау** – байқау тақырыбына қатысы бар қоршаған ортадағы– қалада, кентте және т.б.объектінің фотосы, оның тарихи бейнесуреттерімен (открыткалар, мұрағаттық бейнесуреттер, кітаптардағы немесе журналдардағы иллюстрациялар) қоса сол объектінің немесе орналасқан жердің бүгінгі күнгі5-7 бейнесуреті. Өзірленген бейнеқатар таңдалған объектінің тарихын, уақыт өте келе онымен болған жағдайларды, оған қарасты қала тұрғындарының – тарихи өлкетанушылардың, журналистердің, ресми тұлғалардың немесе оның жанұя мүшелеріне қатысын баяндайтын қысқаша эссе-комментариймен толықтырылып, тұтас мәтін пен бейнесуреттер құрылуы тиіс. Қосымша коментарий-эссеніңкөлемі 1-1,5 беттен аспауы тиіс.

17. Байқау жұмысының бірінші бетінресімдеу тәртібі. Байқау жұмысының бірінші бетінде келесікөрсетілуі:

- облыс, аудан (қала) село;
- білім беру ұйымының атауы;
- конкурс пен номинацияның атауы;
- автордың аты мен тегі;
- e-mail, байланыс деректері;
- басшының аты, тегі, әкесінің аты;
- басшының лауазымы мен жұмыс орны;

Байқау жұмысын құрастыру датасы.

18. «Ел ғұмырнамасындағы жанұя өмірбаяны» байқауы аяқталғаннан кейін жеңімпаздардың ең үздік жұмыстары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org)сайтында орналастырылады.

19. Байқауды бағалау критерийлері:

- жұмыс байқаудың тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы тиіс;

- жұмыстың шығармашылық тұрғыдаорындалуы;
- бейнесуреттердің шығармашылық және техникалық сапасы;
- авторлық ұстанымның нақтылығы;
- жұмысты баяндау және ресімдеу сапасы.

20. Жалпы талаптар: бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы тиіс.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

21. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды. Әділқазы құрамына білім беру ұйымдарынан ғалымдар, әдіскерлер, тәжірибелі педагогтер шақырылады.

22. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарының дипломдары және қатысушылардың сертификаттарының электрондық нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.